

№11 Лекция тақырыбы: Мемлекеттік құрылыстың кеңестік үлгісінің іске асырылуы

Лекцияның оқыту нәтижелері:

1. Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін көрсету;
2. Сыни талдау негізінде тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білу;
3. Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру

Лекция мазмұны.

1. Ф.И. Голощекиннің «Кіші қазан» идеясы: мәні мен салдары
2. Қазақстанды индустрияландырудың жолдары мен әдістері
3. Ұжымдастырудың әдістері мен қарқыны
4. Сталиндік қуғын-сүргін, оның ауқымы және ауыр зардаптары.
5. Саяси сенімсіздік пен халықтарды Қазақстанға күштеп депортациялау – ұлттық арнамысты кемсітудің үлгісі.
6. Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелері мен сабақтары

1. Ф.И. Голощекиннің «Кіші Қазан» идеясы және оның қатерлі мазмұны (1925-1933жж.). 1927 жылы ақпанда Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті төралқасы көшпелі, жартылай көшпелі қазақтарды жерге орналастыру туралы шешім қабылдады. Ұлы дала еліне тұтқа болмаққа жіберілген Голощекин Филипп Исаевич жеріміздегі тарихтың бағытын демде бұрып жіберді. Солақай саясатшыл Қазақстандағы егістікке жарамды жерлерге орыс шаруаларын қоныстандыру мақсатын бірінші кезекке қоюға тырысты.

Алайда, қазақ жеріне келіп әлі де рулық бөлініс, байдың билігіне куә болған Голощекин ауылды кеңестендіру жұмысы әлі де әлсіз, оны күшейту керек деген тоқтамға келіп, "кіші қазан" идеясын ұсынды. Яғни, сонау 1917 жылы кеңестер билік басына келген кезде, қазақ даласына жетпей қалған идеологияны орнатып, бай мен кедейдің теңсіздігін жойып, ұжымшарды орнату мүддесі көзделді. Ал анығын айтқанда, бұның мәні көшпелілердің ежелден келе жатқан шаруашылығын, тұрмыс-салтын тұншықтырып, отарлауды күшейтіп, қанау саясатын бүркемелеу еді.

Жаппай ұжымдастыру да жоғарыдан берілетін бұйрықтар мен нұсқаулар арқылы жүргізілді. 1930 жылы 5 қаңтардағы БК(б)П ОК-нің «Ұжымдастырудың қарқыны және мемлекеттің ұжымшар құрылысына көмектесу шаралары туралы» қаулысында Қазақстанда жаппай ұжымдастыруды, негізінен, 1931 жылдың күзінде немесе 1932 жылдың көктемінде аяқтау міндеті қойылды. Осылайша тағы да жергілікті ерекшеліктерді ескерместен, жоғарыдан қысым жасау басталды. Шаш ал десе бас алуға дайын тұрған Голощекин ұжымдастыру ісін барынша тездетуге тырысты. Жаппай ұжымдастыру айлықтарын өткізді. 1932 жылдың 1 қаңтарында отырықшы аудандардың көпшілігіндегі ұжымдастыру 60—80%-ға дейін жеткізілді. Ал көшпелі қазақ ауылдарын ұжымдастыру қарқыны бұдан да тез жүргізілді. Ол көп жағдайда күштеу, қорқыту, жазықсыз жазалау әрекеттері арқылы іске асырылып отырды.

1920 жылдардың соңында Қазақстанда күштеп астық пен ет жинау кең етек алды.

Елдің тұрмыс-тіршілігінен хабарсыз Голощекин тіптен егіншілікпен айналыспайтын көшпелі малшылардан астық өткізуді талап етті. Ал етке өткізілуге тиіс мал басы саны қолда бар мал басынан анағұрлым асып түсіп жатты.

Ауыл шаруашылығында егіншілік көлемі күрт азайып кетті. Мал шаруашылығы терең күйзеліске ұшырады. *Ұжымдастыру қарсаңында Қазақстанда 40,5 млн бас мал болды, ал 1933 жылдың 1 қаңтарында олардан қалғаны бар болғаны 4,5 млн бас еді.* Малы, астығы

жоқ халық қырғынға ұшырады. 1931—1933 жылдары бүкіл Қазақстанды құшағына алған аштықтан 6,2 млн республика халқының 2,1 млн-ы қырылды.

Осыны көріп отырып қазағым деп қабырғасы қайысқан интеллегенция өкілдеріне де Голощекин өртінің жалыны жетіп барды. Жоғарғы басшылықтың құрамындағы «ұлтшылдарды» қызметтен аластай отырып, Ф.Голощекин 1927 жылдың күзінен бастап Мәскеудің қолдауына сүйеніп, ұлт-азаттық қозғалыс қайраткерлерін соттау шараларын іске асырды. 1928 жылы қазанда Қызылорда абақтысында А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Х.Ғаббасов бастаған 44 Алаш зиялылары қамауда отырды. Олардың төртеуі атылды, біреуі конц-лагерьде өлді, қалғандары он жыл түрмеге қамау жазасына кесілді. 1930 жылы М.Тынышпаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Ақбаев және басқалар бар 40 Алаш қайраткерлері қамауға алынып, олардың он бесі бес жылға Воронежге жер аударылды. М.Әуезов, Ә.Ермеков және М.Жұмабаев «ұлтшылдық» идеологиясынан бас тартатындықтары жөнінде баспасөз арқылы мәлімдеді.

Жалпы Голощекиннің кіші қазан идеясының мазмұнын түйіндесек: келді, ұжымдастыру деп байбалам салды, малды тәркілеп байларды конфискациялады, малы жоқ халыққа еттен салық салды, төрт-түлікпен көшіп жүргендерден қап-қап астық өткізуді талап етті, 1931-1932 жылдары қайғысы ауыр ашаршылықты қолдан жасап, халықты қырды. Саясаткер ретінде емес, қазақты қанауға келген қанішер ретінде есте қалған оның "Кіші қазан" идеясы расымен мемлекеттік құрылымға әсер етіп, үлкен бұрылыс жасады. Алайда, миллиондаған халықтың қазасына әкелген саясатты қалай жақтасақ та ақтауға келмейді

2. Қазақстанды индустрияландырудың жолдары мен әдістері. 1925 жылы большевиктер партиясының XIV съезінде елде индустрияландыруды бастау шешімі қабылданды. Съезде ең алдымен ауыр өнеркәсіпті дамыту, КСРО-ны машиналарды жасайтын және сыртқа шығаратын елге айналдыру міндеттері белгіленді. Өнеркәсіп экономиканың жетекші саласына айналды. Қазақстан қорғасын өндіруден бірінші орын, түсті металдар өндіруден екінші орын, көмір және мұнай өндіруден үшінші орынды иеленді. Жаңа өнеркәсіп орындары іске қосылды: Балқаш мыс балқыту, Шымкент қорғасын, Мерке, Жамбыл қант зауыттары, Алматы ет комбинаты, т.б. Олар тек жергілікті аймақты қамтамасыз етті. Зырянов, Риддер полиметалл, Балқаш комбинаттары салынды.

Дегенмен кәсіпорындардың барлығы шикізат өнім шығаратын сипатындағы өндіріс орындары болып қала берді. Қазақстандағы индустрияландыру ендігі кеңес өкіметінің отаршылдық саясаты болды.

Қазақстаннан тек арзан шикізатты өндірістік аймақтарға тасымалдап, ол жақтан қымбат дайын өнімді елімізге қайта алып келуін көздеген орталықтың саясатына ұлт зиялылары С.Сәдуақасов, Ж.Мынбаев қарсы болды. Олар өнеркәсіп орындарын шикізат көзіне жақын орналастыру қажет деп ұсынды. Орталық ұсынған индустрияландыру саясатындағы Қазақстанның рөліне келіспей, ашық пікірлерін білдірген зиялылар тобы «ұлтшыл», «шовинистер» деп айыпталды. «Социалистік индустрияландыру» бағытын Орталық комитеттің VI Бүкілқазақтық партия конференциясында Саяси бюросының мүшелігіне кандидат А.Андреев: «Біз КСРО-дағы индустрияландыру мәселесіне әрбір республиканың өз ауыр индустриясын құру, әрбір республиканы бас-басына индустрияландыру жолымен жүрмейміз,» деп, Кеңес үкіметінің шет аймақтарды орталыққа бағындыру, тәуелді саясатын ашық мәлімдеді. Индустрияландыру саясаты КСРО құрамындағы одақтық республикалардың ауыр өнеркәсібін дамытуға бағытталмаған да еді. Олар шикізат базасы ретінде орталық Ресейдің қоры болып қала берген.

Ел шаруашылығын индустрияландыру үшін ең ірі жобасы Түркістан Сібір темір жолын салу болды. Шойын магистралі 1927-1930 жылдары салынып, Сібір, Орта Азия және Оңтүстік Қазақстан аймақтарын байланыстырды. Қазақстан жерінен бұл жолдың 77,3 % кесіп өтті. Түрксіб құрылысы жалпыодақтық маңызға ие болды. 1927 жылы

Петропавл-Көкшетау темір жолы салынып, 1931 жылы Ақмолаға дейін жалғасты. 1939 жылы Қазақстаннан шикізат тасымалдау үшін Ақмола-Қарағанды, Елек-Орал, Рубцовск-Риддер, ал 1940 жылы Қарағанды-Жезқазған темір жолдар іске қосылды. КСРО бойынша теміржолдардың 30% Қазақстанға тиеселі болды.

Қазақстан түсті металлургия, көмір, мұнай, отын-энергетикалық ресурстарының, химия өнімдерінің бай қоры ретінде КСРО-ның ірі өнеркәсіп орталығына айналды. Индустрияландыру кезінде қаланған өнеркәсіптік кешен Ұлы Отан соғысында кеңес халқының жеңісіне қомақты үлесін қосты. Қалалар мен қала тұрғындар саны артты. Большевиктердің индустрияландыру саясаты Қазақстан экономикалық дамуының бағытын толық өзгертті. Қазақстанға Ф. И. Голощекиннің өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып келуі қазақ халқына адам айтқысыз бақытсыздық әкелді. Голощекин әміршіл-әкімшіл басқару жүйесіне арқа сүйеп, небір сұмдық амал-айла, зымияндық әдіс қолдану арқылы қазақ зиялыларын бір-біріне айдап салды, "халық жауы" деп жала жауып, мындаған қазақ азаматтарының қанын төкті. Голощекиннің тікелей басшылығымен 1929 жылы - 31, 1930 жылы - 82, 1931 жылы - 80 жалған "контрреволюциялық ұйымдар" ашылып, бұл ұйымдардың мүшесі болды деген жаламен он мыңға тарта қазақтың бетке шығар азаматтары қамауға алынды.

Қазақстандағы индустрияландыруға көшу және бірінші бесжылдық (1928-1932 жж) Қазақстанды индустрияландыру жөнінде сөз еткенде оның Ресей тарихымен етене байланысын айту керек. Бірінші бесжылдықта Қазақстанда негізінен екі сала: тау кен және ауылшаруашылығы, әсіресе, мал өнімдерін өндеу өндірісі дамыды. Шикізатты тасымалдау үшін темір жол желілері салына бастады.

Қазақстанда елді индустрияландыру қарсаңында республикада әлеуметтік-экономикалық жағдай өте ауыр жағдайда болған. 307 мемлекет мүлкіне айналдырылған кәсіпорынның 250-і жұмыс істемейді. Егістік жердің көлемі қысқарады. Мал басы 29,9 миллионнан 16,3 миллионға кемиді. Соғыс қимылдарынан әсіресе өндіріс орындары зиян шекті. Ірі өндіріс орындарынан жалпы өнімі 1920 жылы 1913 жылмен салыстырғанда 2 есе азайды. Өндіріс орнындағы өндіріс құралдары, мұнай өндіру 4 есе қысқарды. Көптеген кен шығаратын жер және көмір шахталары су басқан еді немесе олар электр энергиясының бұзылуынан және құрал-жабдық, -тарының жетіспеуінен жұмыс істемеді. Жол қатынастары (транспорт) әсіресе темір жол қатынасы ете қиын жағдайда еді. Паравоздардың жартысынан көбісі күрделі жөндеуді қажет етті, жүздеген көпірлер қираған еді.

1920-1921 жылдары шаруашылықтың күйреуі жұтпен (мал шығыны) және 1921 жылдың құрғақшылығымен жалғасты. Осының барлығы ашаршылыққа әкеп соқтырды. ВКП(б) XIV съезі (1925 жыл, желтоқсан) елімізді Социалистік индустриялауды іске асыру, міндетін белгіледі. Бұл жоспар бойынша Қазақстанды индустриализациялаудың алғашқы кезінде көмірдің, мұнайдың, түсті металдың басқа да пайдалы қазбалардың бай кені жаңадан зерттеле бастаған еді. Сондықтан да жаңа өндіріс орындары темір жол құрылыстары көп жағдайда дайындықсыз жүргізілді. Бұл кезде экономикалық және геологиялық зерттеулер өлі қорытындыланбай тұрған кез еді. Жаңа құрылыстарға мамандалған жұмыс күші, құрылыс материалдары, техникалар және механизмдер, ақша қоры т.б. жетіспеді. Осылардың бәрі индустриализацияның қарқынын төмендетті және оны іске асыруды қиындатты. Қазақстанның индустриялық дамуының бірнеше ерекшеліктері болды.

Дегенмен кәсіпорындардың барлығы шикізат өнім шығаратын сипатындағы өндіріс орындары болып қала берді. Қазақстандағы индустрияландыру ендігі кеңес өкіметінің отаршылдық саясаты болды.

Қазақстаннан тек арзан шикізатты өндірістік аймақтарға тасымалдап, ол жақтан қымбат дайын өнімді елімізге қайта алып келуін көздеген орталықтың саясатына ұлт зиялылары С.Сәдуақасов, Ж.Мынбаев қарсы болды. Олар өнеркәсіп орындарын шикізат көзіне жақын орналастыру қажет деп ұсынды. Орталық ұсынған индустрияландыру саясатындағы Қазақстанның рөліне келіспей, ашық пікірлерін білдірген зиялылар тобы «ұлтшыл», «шовинистер» деп айыпталды. «Социалистік индустрияландыру» бағытын

Орталық комитеттің VI Бүкілқазақтық партия конференциясында Саяси бюросының мүшелігіне кандидат А.Андреев: «Біз КСРО-дағы индустрияландыру мәселесіне әрбір республиканың өз ауыр индустриясын құру, әрбір республиканы бас-басына индустрияландыру жолымен жүрмейміз,» деп, Кеңес үкіметінің шет аймақтарды орталыққа бағындыру, тәуелді саясатын ашық мәлімдеді. Индустрияландыру саясаты КСРО құрамындағы одақтық республикалардың ауыр өнеркәсібін дамытуға бағытталмаған да еді. Олар шикізат базасы ретінде орталық Ресейдің қоры болып қала берген.

Ел шаруашылығын индустрияландыру үшін ең ірі жобасы Түркістан Сібір темір жолын салу болды. Шойын магистралі 1927-1930 жылдары салынып, Сібір, Орта Азия және Оңтүстік Қазақстан аймақтарын байланыстырды. Қазақстан жерінен бұл жолдың 77,3 % кесіп өтті. Түркісіб құрылысы жалпыодақтық маңызға ие болды. 1927 жылы Петропавл-Көкшетау темір жолы салынып, 1931 жылы Ақмолаға дейін жалғасты. 1939 жылы Қазақстаннан шикізат тасымалдау үшін Ақмола-Қарағанды, Елек-Орал, Рубцовск-Риддер, ал 1940 жылы Қарағанды-Жезқазған темір жолдар іске қосылды. КСРО бойынша теміржолдардың 30% Қазақстанға тиеселі болды.

Қазақстан түсті металлургия, көмір, мұнай, отын-энергетикалық ресурстарының, химия өнімдерінің бай қоры ретінде КСРО-ның ірі өнеркәсіп орталығына айналды. Индустрияландыру кезінде қаланған өнеркәсіптік кешен Ұлы Отан соғысында кеңес халқының жеңісіне қомақты үлесін қосты. Қалалар мен қала тұрғындар саны артты. Большевиктердің индустрияландыру саясаты Қазақстан экономикалық дамуының бағытын толық өзгертті.

Осы кездерде Риддер және Қарсақбай өндіріс орындары, Ертістің мыс қорытатын заводы қалпына қайта келтіріліп, қайта құрылды. Шымкент қорғасын заводы, Балқаш мыс балқыту және Ащысай полиметалл комбинаттары салынып, іске қосылды. Қарағанды бассейні Одақта үшінші отын қоймасы болып аталды. 1927 жылдың көктемінде Түркісіб құрылысы басталды. Риддерді, Қарсақбайды қалпына келтіру жұмысы құлаш жайды. Екінші ерекшелігі сол — Қазақстанның индустриялық дамуы басқа да республикалармен салыстырғанда аса үлкен қарқынмен жүргізілді. Тағы бір ерекшелігі — республикалық өндіріс орындары шикізат өндірумен айналысты. Сондықтан да республика өзіне қажетті заттардың жартысынан көбісіне көптеген машиналарды, металдан жасалған бұйымдарды, шбметті, ағаш материалдарын сырттан әкелуге мәжбүр болды: Индустрияның дамуы Қазақстан тұрғындарының арасында күрделі әлеуметтік демографиялық өзгерістерге әкеліп соқтырды.

Жұмысшылардың басым көпшілігі орыстар мен украиндар болатын, жергілікті тұрғындар, негізінен, көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын сақтады. Рулық қауымдастық әлеуметтік жіктелуге қатты кедергі жасады. Қазақ еңбекшілерінің жаңа қоғамға өтуі біраз уақытты талап етті. Алайда большевиктердің "революциялық-демократиялық" бағыпта жүргізген: ауылды кеңестендіру, жер-су реформасы, жерді қайта бөлу, бай мен жартылай феодалдардың мал-мүлкін тәркілеу сияқты шаралары қазақ қауымдастығының дісгүрлі емір-салтын бұзып, өлкедегі таптық жіктелуді күшейтті. Әсіресе, рулық қатынастар мен патриархалдыққа қатты соққы берілді. Аталған жәйттерді күшпен жүргізу ұлттық апатқа айналды.

Жаңа экономикалық саясаттан ауытқу, ауылшаруашылығын ұйымдастырудағы жіберілген өрескел қателер мен асыра сілтеулер қазақ ауылына қатты әсерін тигізді, аштық тудырды, өлкенің жергілікті тұрғындарының миграциялық процесін күшейтті. Егер 1926 жылы өлке тұрғындарының құрамында қала халқы 8,6 процент болса, отызыншы жылдардың аяғында олардың үлесі 29,8 процентке жетті. Алғашқы жылы қаладағы қазақ саны 77,6 мың болса, 1939 жылы олардың саны бес есе өсті.

Олардың қала тұрғындары аралығындағы меншікті үлесі 14,3-тен 21,9 процентке дейін ұлғайды. Бұрын бұл цифрлар жаңа қоғамның өскелеңдік күшін көрсету көзінде қолданылатын. Алайда, миграция қарқынының өсуі қоғам дамуының ішкі заңдылықтарынан гөрі, объективтік емес, волонтаристік, кей кездері тіптен қылмысты шешімдерден туатын.

Индустрияландыру саясатын жүргізуде, әсіресе, Ф.И.Голощекиннің қылмысты ролін ерекше атап кету керек. Ол орталық әмірін екі етпей орындайтын қатыгез, мейірімсіз адам болатын. Республиканы басқарған жылдары (1925-1933 ж.ж.) Мәскеудің Қазақстанды шикізат базасына айналдыру саясатын бұлжытпай жүргізді. Жергілікті халықтың дамуын ескермеген ол қазақтарды үлкен қырғынға ұшыратты. Сонымен Бірінші бесжылдық жылдарында Қазақстанда 1929-32 ж. Совет мемлекетінің республиканың халық шаруашылығына жұмсаған күрделі қаржысының көлемі 1,5 млрд. сомнан асты, оның 48%-і өнеркәсіпке, транспортқа, байланысқа жұмсалды. Бесжылдық ішінде Қазақстанда жаңадан салынған және жабдықталған 40-тан астам ірі заводтар мен фабрикалар, шахталар мен рудниктер және электр станциялары қатарға қосылды. Халық шаруашылығындағы өнеркәсіп өнімдерінің үлес салмағы 39,5%-ке жетті. Ауыр өнеркәсіпті, мұнай мен көмір өнеркәсібін, түсті металлургияны дамытуға бірінші кезекті көңіл бөлінді. Донбасс пен Кузбасс көмір өндірушілері Қарағанды бассейнін салуға, Баку мен Грозныйдың мұнайшылары Орал—Ембі мұнайлы ауданын игеруге көмектесті. Түркістан-Сібір магистралы, Лениногор полиметалл комбинаты т.б. ірі кәсіпорындар — Қазақстанның өнеркәсіптік бейнесін айқындайды.

1-бесжылдық тұсында пайда болған республика индустриясы КСРО (СССР)-де социализмнің экономикалық ірге тасын қалауға, Совет мемлекетінің технико-экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге, оның қорғаныштық қабілетін нығайтуға елеулі үлес қосты.

Қорыға келгенде Қазақстанда индустрияландыру негізінен қазақ байларын тәркілеуден (конфискелеу) алынған мал-мүлкінің есебімен іске асты, оларды адамдық құқынан айыру, өзі мекендеген жерден басқа жаққа жер аудару мен қорқыту немесе "Тәрбиелеу мақсатында" қамауға алу, үй-мүлкін конфискациялау, түрмеге жабу (ГУЛАГ) жалған атуды ұйымдастыру, ұрып-соғу т.б. 1930 жылдың 15 аурызында ЦИК-тің және СНТ, КАССР "Жартылай коллективтендіру және бай кулактармен күрес жүргізілген аудандарда социалистік ауылшаруашылығын нығайту жөніндегі қаулысы қабылданғаннан бір ай өткен соң-ақ қамауға алынған және сотқа берілгендердің саны 3113 адам, өзі тұрған аймақтан тыс жерде жер аударылғандардың саны 6763 адамға жетті. Үй қожайыны қамауға алынды. Қолымге немесе Коли түбегіне жер аударылды". Халық арасында ашаршылық болды. Одан 1,7 миллион шамасында қазақ тұрғындары қырғынға ұшырады. Бір миллиондай адам Қазақстан территориясынан тысқары жерге көшіп кетті

3. Ұжымдастырудың әдістері мен қарқыны. Қазақстан негізінде аграрлы республика. Индустрияландыруға қажетті қыруар қаражат ауылшаруашылық есебінен алынды. Большевиктердің келесі бағдарламасы – ауылшаруашылығын ұжымдастыру болды (XV съезд БКП (б), 1927 ж.). Бұл экономикалық жобаны іске асыру нәтижесінде мал шаруашылығы дағдарысқа ұшырап, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық қиратылды.

1927 жылы әкімшіл-әміршіл үкімет ірі бай шаруашылығын тәркілеу туралы Декрет қабылдады. Заң жобасы бойынша 700 бай қожалық тәркіленуге тиіс еді, алайда қазақ өлкесінде бұл уақытта ірі байлар осыншама көп болмаған. Сондықтан тапсырған міндетті орындау үшін жергілікті органдар орташа шаруаларды да тәркілеуге кірісті.

Жемшөп азығының жоқтығы бір орынға жинастырылған мемлекеттік колхоз меншігіндегі малдың қырыла бастауына әкеп соқты. 1929 жылы ұжымдастыру науқаны басталғанда Қазақстанда 40,5 млн. бас малы болса, 1933 жылы 4,5 млн. ғана қалды. Мал басы саны 10 есе азайды. Шаруашылықтар күйзеліске, халық аштыққа ұшырады. Республика халқының саны 6,2 млн. адамнан 2,1 млн адамға кеміді. Халық саны қайта қалпына келтіру үшін елімізге әлі 40 жыл қажет болды.

Қазақ шаруаларын ұжымдастыруымен қатар оларды күштеп отырықшылыққа көшіру жүрді. XIX ғасырда көшпелі қазақтарды күштеп отырықшылыққа көшірудің салдары туралы белгілі түрколог Радлов дәл айтқандай: «... Даланың табиғи жағдайы тек көшпелі өмір үшін жарамды, ал көшпелілерді отырықшылыққа мәжбүрлейтін болсақ, бұл

регрессияға алып келеді». Кеңес өкіметі кезіндегі қазақтың дәстүрлі шаруашылығы ұжымдастыру саясатының зардаптары қазақ халқына үлкен апат-қасірет әкелді. Бұл науқан көшпелілер экономикасын түпкілікті жоюды қарастырды. Отырықшылыққа көшіру қосымша жер қорын босатып, өлкеге жұмысқа басқа ұлт өкілдері Ресей, Украина, Белоруссия республикаларынан көптеп келді. Бұл елдегі демографиялық жағдайды күрт өзгертті.

20-шы жылдардың екінші жартысында жаңа экономикалық саясат негізінде қалыптасқан шынайы бағыт түбірінен өзгерді. Басты міндет - ең зәру көкейкесті мақсат индустрияландыруды қызу қарқынмен жүргізу деп жар салынды. Индустрияландыру қам-қарекетін қамтамасыз ететін қорды жинауды шаруалар қауымын тікелей және жанамалап экспроприациялау есебінен жүргізу көзделді. Атап айтқанда, бұл мақсат мемлекеттендірілген колхоз жүйесін жасау, яғни шаруаларды ұжымдастыруды жаппай өткізу арқылы іске асырылды. Сөйтіп, 20-шы жылдардың аяқ шенінде бүкіл елдегі сияқты Қазақстанда да колхоздастыру науқаны басталды. Бұл шараның іске асырылуына шаруалардың тілегі мен ықыласы себеп болған жоқ, ол жоғарыдан берілген әмір, нұсқаулар негізінде жүргізілді. Қазақстанда колхоздастыруды 1932 жылдың көктеміне қарай аяқтау белгіленді. Шаруаларды күштеп ұжымдастырудың арқасында республикада колхоздар саны қауырт өсіп 1927 жылы 1072 болса, 1928 жылы - 2354, ал 1929 жылы - 4876-ға жетті. Бұлар колхоздастыру саясатын жүргізудегі жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу үшін құрылған жасанды шаруашылықтар еді. Оларды құру барысында небір сұмдық зорлыққа, күштеуге жол берілді. Ол тұста қабылданған бірнеше қаулы-қарарлардың заңдылығын тексеру барысында Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Төралқа комиссиясының 1992 жылғы желтоқсанындағы қорытындылары жарияланды. Онда келтірілген деректер мен мағлұматтар колхоздастырудың қандай әдістермен жүргізілгені жөнінде толық түсінік береді.

Колхоздастырудың 1929 жылдың орта шенінен басталғаны белгілі. Оның құлаш жаюы Сталиннің сол жылғы 7 қарашадағы "Правда" газетінде "Ұлы бетбұрыс" деп аталатын мақаласының шығуымен тұспа-тұс келді. Мұның алдында кулактарға шабуыл жөніндегі нұсқаулар негізінде Қазақстанда байлардың шаруашылықтарын тәркілеу аяқ-талған болатын. Енді жана экономикалық саясат негізінде жүргізілген шаруаларды кооперациялау ісі мемлекет бағыттап отырған күшпен ұжымдастыру шарасына орын берді. Ал, бұл шара шаруа қауымының игілігін ойлаудан тумады, тек индустрияландыру процесін қамтамасыз ету мақсатын қана көздеді. Сөйтіп, 20-30 жж. жаңа экономикалық саясатын дамыту бағыты тұйықталып тасталды. Ондаған жылдар бойына экономика мен қоғамдық саяси өмірде тек "күштеу" шарасының рухы үстемдік етті.

Бұл жағдай ауыл шаруашылығына қасіретті зардабын тигізді. Селодағы саясаттың ең басты шарты - әміршіл-әкімшіл террорға сүйенген экономикалық емес жарлықтар, шаруалар қауымын кооперациялау идеясын жаманатты қылып қоймай, оның пайдалы жақтарын да құртып жіберді. «Ұлы бетбұрыс» селолық құрылымдарды қатігез қаталдықпен аяусыз қиратып, қоғамның болашақта туатын проблемаларын біртіндеп әзірлей бастады.

Колхоздастыру барысында жүргізілген ауыл шаруашылығы өнімдері оның ішінде астықты күштеп дайындау шаруалардың күн көрісіне, көңіл-күйіне мейілінше кері әсер еткен, оларды кеңес өкіметін жек керуге итермелеген екінші бір үлкен шара болды. Ауылдарда мал саны өсіріліп көрсетіліп, алынатын еттің, жүннің көлемі белгілі есептен асып түсті. Салғыртты орындау үшін шаруалар қыс ішінде қой қыркуға мәжбүр болды. Мұның өзі қойлардың жаппай қырылуына соқтырды. Егіспен айналыспайтын шаруашылықтардан астық талап етілді. Салғыртты орындамаған қожалықтар сотқа тартылды. 1928-1929 жылдары осындай айыпқа ұшыраған 34 мың ауыл-село адамдары сотталды. Мұның өзі ауыл адамдарын қорқыту үшін де істелінді.

Колхоздастыру осындай ауыр жағдайда басталды да, оны басқару әкімшілік, зорлық, күштеу әдістерімен жүргізілді. Егер 1928 жылы Қазақстанда колхозға барлық

шаруашылықтардың екі пайызы ғана кірсе, 1931 жылдың күзінде шаруаларды 70-тен 100 пайызға дейін колхоздастырған аудандардың саны 78-ге жетті. Бұл тұста өлкеде 122 аудан болатын. Шаруаларды ұжымдастыру көзінде ауыл-селоарда бай-кулактарды тап ретінде жою шаралары іске асырылды. Жергілікті орындарға жеткізілген нұсқау бойынша жойы-луға тиісті бай-кулак шаңырақтары барлық шаруашылықтың жалпы санының 3-5 пайызынан аспауы керек деп ескертілді. Бірақ, осыған қарамастан әміршіл-әкімшіл жүйенің асыра сілтеу әрекетімен тәркіге салынғандар саны кез келген жерде ең жоғарғы көрсеткішке жеткізілді. Нәтижесінде тек 1930-1931 жж. республикадан тыс жерге бай-кулак деп "жер аударылып" жіберілген шаруалар саны 6765 адамға жетті. Ондаған мың шаруалар тұрған округтерінен республика ішінде басқа жерлерге көшірілді.

Ұжымдастыру мен отырықшыландыруды жүргізу үшін Қазақстан өлкелік партия комитеті жергілікті белсенділермен бірге кәсіпорындардан сегіз мың жұмысшыны тартты. Мұның үстіне республикаға Мәскеуден, Иваново-Вознесенскіден, Харьковтан, Ленинградтан партияның шақыруымен 1204 «жиырма бесмыңыншы» келді. Бірақ бұлардың өздері қазақ жерінде отырықшыландудың мәні мен механизмін жете түсінбеді. Көптеген әкімшілер үшін бұл шартараптан жүздеген шаруашылықты бір жерге жинау болды. Мұндай топтаудың салдарынан шаруалар мал өрісінен, су мен шөп іздеп, жайылым ауыстырып отыру мүмкіндігінен айырылды.

Мал шаруашылығын ұжымдастырудың өзі қате саясат болды, сондай саясатты жүзеге асырғанда көптеген **бұрмалаушылықтар мен қателіктер** орын алды. Кеңес Одағында 1920-1940 жылдары социализм орнату мақсатында жүзеге асырылған ірі-ірі экономикалық өзгерістердің ішінен нәтиже бермегені ауыл шаруашылығын ұжымдастыру болды. Бұл шара сонымен бірге қазақ халқына ауыр зардап әкелді. Қазақ халқы жанынан, малынан айырылып қалды. Ұжымдастыру барысында жіберілген қателіктер мен бұрмалаушылықтар:

1. Ұжымдастыру Кеңес Одағында, Қазақстанда халықтың өз еркімен емес, күшпен, әкімшілік әдіспен жүрілді. Колхозға кірмегендерді барлық жағынан қыспаққа алды, олардың сайлау еркін жойды, жер-су, жайылыммен, салықпен қысты, бай, кулак деп тәркілейміз, жер аударамыз деп қорқытты. Осылардың салдарынан колхозға күшпен кіргендер көп болды, олардың колхозды көркейтуге пайда келтірмейтіні белгілі.

2. Ұжымдастыру халықты күшпен отырықшыландырумен ұштастырылды. Отырықшыландыру тәрізді күрделі мәселені қазақтың киіз үйлерін бір жерге жинап көше-көше етіп тігумен шешпек болды. бір жерге топтасқан мал сол жерлердің шөбі біткенде жаппай қырылды.

3. Ұжымдастыруды жүргізгенде ұжымдасқан шаруашылықтың серіктестік тәрізді қарапайым түрінен бастап халықты біріккен еңбекке үйретіп оның артықшылығына олардың көзін жеткізу қажет еді. Іс жүзінде біріккен шаруашылықтың колхоз, коммуна тәрізді жоғарғы түрлерін таңдады.

4. Ұжымдастыруды мемлекетке ет дайындау науқанымен қоса жүргізді. Ет дайындау міндетін орындамағандар қатал жазаланды. Егін екпейтін көшпенді қазақтардан астық салығын алды. Аталмыш қателіктер қазақ халқына ауыр зардап әкелді.

Ауыл шаруашылығын, әсіресе мал шаруашылығын ұжымдастыру саясаты, бұл саясатты жүзеге асыруда жіберілген қателіктер мен бұрмалаушылықтар қазақ халқына аса ауыр зардап әкелді. Біріншіден қазақ халқы малынан айырылып қалды. 1929 жылғы 40 млн. малдан 1932 жылы 5-ақ млн. мал қалды.

Қазақ халқы бұрын соңды болмаған **ашаршылыққа** ұшырады. 1926 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 5,8 млн. қазақ болған еді, 1933 жылы 2,5 млн қазақ қалды. 2 млн. қазақ аштан қырылды. 1,3 млн. қазақ басқа жаққа көшіп кетті. Сөйтіп қазақ мемлекеті малының 88 пайызынан, халқының 60 пайызынан айырылып қалды.

Әміршіл-әкімшіл жүйенің нұсқауымен Қазақстанның барлық аймақтарында ұжымдастыру егіншілік шаруашылықтарында да қандай қарқынмен жүргізілсе, мал өсіретін

шаруашылықтарда да ол сондай қарқынмен жүргізілсін деп талап етілді. Ойластырылмай алынған шешімнің зиянды қайтарымы өзін көп күттірген жоқ.

Колдағы малды қоғамдастыру нәтижесінде колхоз фермалары құрылды. Кейбір жерлерде алып коммуналар ұйымдастырылып, олар өте көп шаруашылықты біріктірді. Соның нәтижесінде фермаларға жиналған қисапсыз мал күтімнің кемдігінен, шөптің, жайылымның жетпеуінен қырылды. Колхозға кірмеген жеке шаруашылықтарда мал ұстауға ықылас болған жоқ. Сөйтіп, 1928-32 жылдар аралығында республикада ірі қара 6 млн. 509 мыңнан 965 мыңға, қой 18 млн. 566 мыңнан 1 млн. 386 мыңға, жылқы 3 млн. 516 мыңнан 316 мыңға, түйе 1 млн. 42 мыңнан 63 мыңға азайып кетті. Қазақстанның осы жылдары одақ бойынша тауарлы астық өндіруден үлес салмағы 9 пайыздан 3 пайызға кеміді. Халықтың тұрмысы нашарлап, қайыршылануы күшейді. Мұның өзі шаруалар бұқарасының наразылығын туғызбай қойған жоқ. 1929-1931 жылдарда шаруалардың 372 көтерілісі болып, оған 80 мыңдай адам қатысты. Созақ, Шемонаиха, Бұқтырма, Ырғыз, Қазалы, Қармақшы, Самар, Абыралы, Биен-Ақсу, Шыңғыстау, Бөрібаев, Қастек, Балқаш, Шұбартау, Маңғыстау т.б. жерлердегі шаруалар көтерілісі аяусыз басылып, оған қатысқандардан 5551 адам сотталды, олардың 883-і атылды. Жалпы алғанда күштеп ұжымдастыру көзінде Қазақстанда 100 мыңнан астам адам жазаланды.

Көшпелі қазақ мал шаруашылықтарын күштеп отрықшыландыру және ұжымдастыру Қазақстан экономикасын құлдыратып төмен түсіріп жіберді. Республика экономикасының құлдырап төмендеуі 1932-1933 жылдардағы қуаңшылықпен тұстас келді. Осындай елді арылмас сорға душар еткен қолдан жасалған қастандық пен табиғаттың рақымсыздығынан осы екі жылда республикада аштықтан өте көп адам қырылып, қазақ елі орны толмас қайғы мен қазаға ұшырады: 2 млн. 200 мың адамынан, яғни қазақ ұлтының 49 пайызынан айырылды. Республикада тұратын басқа халықтар да сан жағынан кеміді.

4. Сталиндік қуғын-сүргін, оның ауқымы және ауыр зардаптары. 1920-40 жылдары Қазақстанда Сталиндік-Голощекиндік қатал әкімдік-әміршілдік жүйе қалыптасқанына қарамастан қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері ұлт мүддесі үшін күресті жалғастыра берді.

Қазақ халқының ұлттық тәуелсіздігі үшін Алаш қайраткерлері қажырлы күрес жүргізді. Алаш қайраткерлерін Кеңес үкіметі қуғын сүргінге ұшыратқан соң күрескерлердің келесі легі тарих сахнасына келді. Қазақ халқының ұлт мүддесі үшін күресті С.Қожанов, С.Садуақасов, Т.Рысқұлов және т.б. қайраткерлер жалғастырды.

С.Қожанов 20 жылдары патша үкіметі орыс шаруалары мен кулактарына тартып берген қазақ жерлерін иесіне қайтару үшін күресіп ұлтшыл, "қожановшыл" деген ат алып кудаланды.

С.Смагулов 30-жылдары қазақ байларын қанаушы деп тәркілеуге қарсы болып, оларды экономикалық әдістермен қыспақтау, коммунистік идеяны түсіндіру арқылы социализм жолына өткізуге болатынын дәлелдеп ұлтшыл, "садуақасовшыл" деген ат алып кудаланды.

Т.Рысқұлов РСФСР үкіметі төрағасының орынбасары қызметін атқара жүріп отызыншы жылдары ашаршылыққа ұшыраған қазақтарға көмек ұйымдастыруға көп күш жұмсады, екіншіден ол үкімет басшыларына хат жазып қазақ халқының ашаршылыққа ұшырауына әкеп соққан қателіктер мен бұрмалаушылықтарды әшкерлеп оларды түзетуді талап етті.

Аталған үш қайраткерлерден басқа да зиялы қауым өкілдері қазақ халқының ұлт мүддесі үшін әртүрлі әдістермен, жолдармен күресті. Мұндай қайраткерлер кеңес дәуірінде бұржуазияшыл-ұлтшыл делініп кудаланды.

Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін 1929 жылдан басталды. Осы жылы Қазақстанның бірінші басшысы И.Голощекин Алаш қайраткерлеріне Кеңес үкіметінің кешірім жасағанына қарамастан олардың бір тобын, 1932 жылы екінші тобын соттатып жіберді, оларға буржуазияшыл-ұлтшыл, контрреволюционерлер деген айып тағылды.

Бүкіл Кеңес одағы сияқты Қазақстанда да жаппай саяси қуғын-сүргін 1937-38 жылдары жүрілді. Отызыншы жылдардан қалыптаса бастаған әкімдік-әміршілдік жүйе, ел өмірінде жүзеге асырылған өзгерістер кезінде жіберілген бұрмалаушылықтар мен қателіктер бұ қарсыластарды, оппозицияны туғызбай қоймады. Бұл Сталиннің жеке билігіне қауіп төндірді. Сталин олардан құтулудың жолын іздеді. Осы жылдары Сталин Кеңес Одағы социализмге қарай ілгеріленген сайын тап күресі күшейе берді деген қағида ұсынды. Осы кезде Кеңес Одағында қанаушы тапқа жатқызуға болатындар түгел жойылған еді. Қоғам тек жұмысшы, шаруа, интеллигенциядан құралды. Сондықтан тап күресі күшеюі мүмкін емес еді, бірақ халық Сталинның айтқанына сенді. Екінші жағынан халықаралық жағдай шиеленісіп Кеңес Одағына қарсы күштер бас көтере бастады, осындай жағдайда тәртіпті қатайтып, демократияны шектеуге тура келді. Сталин аталған жағдайларды жаппай саяси репрессия жүргізуге пайдаланды. Адал коммунистер, қайраткерлерге халық жауы, шет ел тыңшысы деген жала жабылды. Жаппай репрессия жүргізуші КГБ ұйымдары. Олар заң бұзды, үштік дегендерді құрып айыпталғандардың тағдырын соттан тыс шешті. Кеңес Одағында бірнеше он миллиондаған адамға саяси қылмыс тағылды.

Қазақстанда 110 мыңдай адамға бұржуазияшыл-ұлтшыл, шет ел тыңшысы деген айып тағылып, сотталды. Олардың ішінде Алаш қайраткерлері партия, кеңес ұйымдарының басшы қызметкерлері, ақын-жазушылар, ғалымдар және т.б. болды. Бұл адамдар елуінші жылдары түгелдей ақталды.

Таптық мүдде үстем болған КСРО-да ұлттық факторды қажетті деңгейде бағаламау орын алды. Мемлекет басшылығында ұлттық мәселені шешетін бағдарлама мен стратегия болған жоқ. Басты бағыт пен көзқарастардан ала құлалық танылды. Батыл әрекет, оң шешім жасалмады.

Ұлтаралық кикілжіңдерді реттеудің жүйесіздігі елдегі өкіметтің әлсіздігін көрсетті. Саликалы ұлт саясатын жүргізу түбегейлі теориялық тұғырнаманы, қалыптасқан саяси ахуалды теориялық тұрғыдан жан-жақты пайымдауды қажет етті. Бұл – бір сәтте бола қоймаған, 70-80 жылдарға тұтас созылған ғылыми-технологиялық, стратегиялық жеңілістің салдары. Бұл күйреудің талай себептерін табуға болады.

Қазақстан «100 ұлттың планетасы» деп дәріптелгенімен, ұлт мәселесінің ішкі қарама-қайшылықтары қордалана берді. Ұлттардың әр түрлі мәдени және діни айырмашылықтары біртұтас кеңес халқын қалыптастыруда назардан тыс қалды. КСРО-ның құрылған кезінен бастап өз құрамына «алынған» ұлттар мен ұлыс өкілдерін «кеңес халқына» айналдыру үшін коммунистік партия бар күш-жігерін жұмсады. Әр ұлттың қайталанбас ерекшеліктері интернационалдық бағыт пен көлеңкесінде қалғандықтан да қарама - қайшылықтар туындады. Сөйтіп, кеңес қоғамының саяси жүйесінде дағдарыс белгілері айқын көріне бастады.

5.Саяси сенімсіздік пен халықтарды Қазақстанға күштеп депортациялау – ұлттық ар-намысты кемсітудің үлгісі. XX ғасырдың 30-40-ші жылдары КСРО басшылығы жеке халықтарды республика аймағына депортациялау, күштеп жер аудару әдісін қолданды. 1936 жылы «арнайы қонысаударушылар» деп аталғандардың саны 360 мың адамға жетті. 1936 жылы Қазақстанға Украинаның батыс аудандарынан 15 мың поляк және неміс шаруашылықтары жер аударылды.

1937 жылы Қиыр Шығыстан зорлықпен кәрістер көшірілді. 1937 жылы 21 тамызда КСРО-ның ХКК мен БКП ОАК-і «Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралық аудандарында тұратын корейлерді қоныс аудару туралы» құпия қаулы қабылдады. Қазақ жеріне 20 530 кәріс отбасы депортацияланды.

Түркия мен Иран шекараларына жақын орналасқан аз ұлттарға сенімсіздік күшейе түсті. 1937-1938 жылдары Кавказдан шекара аймақтарында тұратын «сенімсіз халықтар» деген атаумен күрд, ирандық, ассириялықтар мен түріктерді көшірді.

1937 жылдың соңында Әзірбайжан, АрменияКСР елдерінен 1121 күрд, армян, түрік отбасы Қазақстанға әкелінді. Оларды негізінде Оңтүстік Қазақстан мен Алматы облысының ауылдарына орналастырды. 1938 жылдың қазан-қараша айларында Әзірбайжаннан осы облыстарға ирандық 2000 отбасы қоныстандырылды.

КСРО ХКК қаулысымен 1940 жылы 18 қазанда Қазақстанға Украинаның батыс аудандарынан - 6478, Батыс Белоруссиядан – 203 поляк отбасы және Бессарабиядан 8 мың адам көшірілді.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында Қазақстанның этнодемографиялық жағдайы үлкен өзгерістерге ұшырады. Қазақстанға жүздеген мың адам еріксіз көшіріліп әкелінді. Жалпы соғыс жылдары 61 ұлт күшпен қоныс аударылды.

КСРО-ға шабуыл жасаған Фашистік Германия әскеріне көмектесу мүмкін деген сылтаумен 1941 жылы қыркүйек айында депортацияның алғашқы легі кеңестік немістерді көшіру науқанынан басталды. 1939 жылғы санақ бойынша Қазақстанда 92 мың неміс ұлт өкілдері тіркелсе, соғыс жылдары 462 мың неміс күштеп көшіруге жоспарланды.

1941 жылдың аяғына дейін Қазақстанға 420 мың неміс жер аударылды. Оның ішінде, 30 мың неміс ұлты – Алма-Ата облысына, 60 мың – Ақмола облысына, 30 мың – Қарағанды облысына, 40 мың – Қостанай облысына, 50 мың адам – Солтүстік Қазақстанға.

Арнайы қонысаударылғандар негізінде тек ауылды елді мекендерге орналастырылды. Үй-жәй, мал-мүлігін тастап, көшу кезінде оларға өзімен бірге тек қажетті заттарды ғана алып кетуге рұқсат берілді. Ұлты неміс әскери басшылар мен әскер қатарындағылар армиядан аластатылып күштеп көшірілді. Неміс халқы республиканың облыс орталықтарынан көшіріліп, соғыс кезінде жұмыс колонияларына жаппай жұмылдырылды, МТС, совхоздар мен колхоздарға жіберілді.

Көшірілген халықтардың арасында адам өлімі көп болды. Ауру мен аштық жиі орын алды. Адамдар бір ауылдан екінші ауылға қатынаса алмады. Жеке құжаты болған жоқ. Бәрі де арнайы комендатураның қатаң бақылауында болды. Барлық құқықтары шектеулі еді. Қазақстаннан әскери комиссариат арқылы еңбек армиясына 700 мың адам жіберілді, олардың қатарында 121 мыңға жуық неміс қоныстандырылғандар шақырылды. Қазақтардың саны еңбек армиясында 200 мыңға жетті. Мәселен, 1942 жылы қыста Магнитогорск қуат пештерінде 10 мың қазақ жұмысшы істеген. Еңбек армиясындағы адамдардың жағдайы өте ауыр болды. Шақырылғандардың негізгі бөлігі ауыл тұрғындары болып, оларды қара жұмысқа пайдаланды.

Таратылған автономиялық республикалар мен облыстар тұрғындары кеңес үкіметіне адал ниеті түзу еді.

1943 жылы 12 қазанда Қарашай автономиялық облысы таратылып, қарашайлар күштеп көшіріле бастады. Облыстан 14774 отбасы, жалпы 69267 адам депортацияланды.

1943 жылы 28 қазанда елдің шығыс, солтүстік аудандарына және Оралға жер аударылды. Жалпы 99252 адам көшіріліп, оның 2268 адам, 648 отбасы Қызылорда облысына қоныстандырылды.

1944 жылы 31 қаңтарда Мемлекеттік қорғаныс комитеті қаулысымен ҚазақКСР және ҚырғызКСР жеріне шешен және ингуш халықтарын көшіру туралы құпия шешім қабылданды. Көшіру ісі 1944 жылы 23 ақпанда басталды. Шешен-Ингуш АКСР жойылды. Мұрағат құжаттары бойынша 1945 жылы қазан айында республикаға 403375 адам, жалпы 89 901 отбасы көшірілді.

Мемлекеттік қорғаныс комитетінің 1944 жылы 5 наурыз күнгі қаулысымен Қазақстанға 4660 балқар отбасы қоныстандырылды, саны 25 мың адамға жетті.

1944 жылы Орта Азия және Қазақстан жеріне қырым татарлары жер аударылды. Екі тәулік ішінде ҚырымАКСР-нен 191 044 татар көшіріліп, олардың 4501 адам, яғни 1268 отбасы Қазақстанға қоныстандырылды. Осы кезде Қырымнан қазақ жеріне тағы «сенімсіз халықтар» тізіміндегі 7 мың болгар және грек көшірілді.

1944 жылы 31 шілде Мемлекеттік қорғаныс комитеті қаулысымен біздің республикамызға Грузиядан 40 мың түрік-месхет және күрд ұлт өкілдерін орналастыруға бұйрық берілді.

1946 жылы қоныс аударылғандардың жалпы саны 2 463 940 адам, оның жартысы (1 миллион 200 мың адам) Қазақстанға көшірілді.

Депортацияланған ұлт өкілдеріне 200 кг жүктен артық алмауға ескертілді. Өз жерінде қалған үй-жайын, мал-мүлігін жергілікті билік органдарына өткізіп, жаңа жерде сол үшін өтемақы алуға тиісті болған. Бірақ іс жүзінде ешқандай көмек көрсетілмеді, адамдардың қолына ештеңе де тимеген. Көшірілген халықтардың материалдық-тұрмыстық жағдайы өте ауыр болды. Қаржы жетіспеді. Арнайы қонысаударушыларды кредиттер алуға мәжбүрлеп, жаңа қонысқа қиыншылықпен орналасқаны тарихтан белгілі. Олардың материалдық мұқтажына байланысты мәселелер толық шешімін тапқан жоқ. Жергілікті өкімет билік органдары жер аударылғандарға бөлінген қаражат пен азық-түлікті дұрыс бөлмеді. Суықтан, аштықтан, аурудан көптеген адам қырылды. 1944-1948 жылдар аралығында 101036 шешен, ингуш, балкар ұлт өкілдері өлген. 462 мың келген неміс ұлт өкілдерінен соғыс аяқталған кезде 330 мың адам қалды.

6. Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелері мен сабақтары. Германия 1941 жылы маусым айының 22-де Кеңес Одағына қарсы соғыс ашып аз уақыттың ішінде елдің батыс бөлігін жаулап алады, Ленинградты қоршады, Москваның маңына 20 км. жақын келді. Қызыл Армия соғыстың бастапқы кезінде жеңіліске ұшырады, мұны сәтсіздік деп атайды.

Кеңес үкіметі кезінде Қызыл Армияның сәтсіздігін Кеңес Одағының соғысқа дайындала алмағанымен, Батыс шекараға әскер топтастырып үлгімегендігімен, соғыстың болатын уақытын білмегендігімен т.б. түсіндірді. Мұндай себептердің болғанын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен сәтсіздіктің бас себебі Сталин бастаған басшылықтың ұстанған қате бағытына байланысты болды.

Кеңес Одағының әскери доктринасында елеулі қателіктер болды. Әскери мамандардың /мәселен Тухачевский/ бұл соғыс мотор соғысы болатыны, сондықтан армияның техникалық бөлімдерін нығайту туралы ойлары ескерілмеді, Армия басшылары атты әскерге сенім артты. Соғыс алдында ғана немістерден кем түспейтін, кейбір жағынан олардан артық Т-34 танкі мен ИЛ-2 штурмовигі сияқты кеңес инженерлері жасаған техникалар топтап өндірілмеді.

1937-38 жылғы қуғын-сүргін Қызыл Армияға үлкен апат әкелді. Талантты әскер басылары қудаланды, 40 мың офицер өмірімен қоштасты немесе бас бостандығынан айырылды. Армия басшылығына жаңа ғана училище бітірген жастар келді.

Отан қорғау ісін басқарып отырғандар немістердің шабуылын жасайтын уақытын өздерінің Германиядағы, Жапониядағы тыңшылары арқылы дәлме-дәл біліп отырды. Сталин мұндай мәліметтерді арандатушылық деп есептеп соғысқа дайындықты жеделдету шарасын қолданбады. Сәтсіздіктің мұнан басқа да себептері бар. Аталмыш қателіктерге қарамастан Кеңес Одағының халқы күш біріктіріп көп ұзамай немістердің шабуылына төтеп бере білді.

Қазақстандықтар бүкіл кеңес халқы сияқты отан қорғауға аттанды. Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ жаңа құрамалар мен бөлімшелерді жасақтау және жаттықтыру жөніндегі қызу жұмыс күндіз түні бір толастаған емес, қалалардан шет аймақтарда жауынгерлерді мылтық атуға үйрету үшін полигондар мен оқ ату тирлері шапшаң салынып жатты. Қазақстанда алғашқылардың бірі болып 316-атқыштар дивизиясы жасақталды. Оның құрамында Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының сонымен қатар Қырғызстанның еңбекшілеріде болды. Дивизия командирі болып, азамат соғысына қатысқан, генерал майор М.П. Панфилов тағайындалды. Қазақстанның әскери бөлімшелері негізінен жұмысшылардан колхозшылардан және интелгенциядан жасақталды. Олардың шамамен әрбір алтыншы жауынгері мен командирі коммунист бүкіл құрамының 15-20 проценті комсомол мүшелері еді. Жасақталған әскери құрамалар

әр ұлт өкілдерінен болды. Мәселен 316-атқыштар дивизиясының 40 проценті қазақтардан, 30 проценті орыстардан, қалғаны украин, өзбек, қырғыз, татарлардан құралды. 16-50 жастағы адамдарды әскери іске үйрету басталды.

Қазақстандықтар Москваның маңында ерлікпен соғысты. 28 панфиловшылар жаудың 30 танкісін құртып немістердің шабуылын тоқтатты. 1941 жылғы Москва түбіндегі, 1943 жылғы Сталинград үшін шайқас, Курск жанындағы шайқастарда қазақстандықтар ерлікпен соғысты. Днепр маңындағы шайқаста 123 қазақстандық жауынгер Кеңес Одағының батыры атағын алды.

Қазақстандықтар партизан қозғалысына белсене қатысты. Украина мен Белоруссиядағы партизан отрядтарында 3000 қазақстандық болды. 1945 жылы Берлин үшін болған қырғын соғысқа қазақстандықтар белсене қатысты. Рейхстахқа жеңіс туын тігуге лейтенант Қошқарбаевтың взводы, басқадай қазақстандықтар қатысты. Европаны азат ету және Берлин үшін шайқасқа қатысқан 150 қазақстандықтар Кеңес Одағының батыры атағын алды.

Соғысып жатқан армия қатарына 1,2 млн. қазақстандықтар шақырылды. Қазақстанда жасақталған әскери құрамалардың ішінен неғұрлым жақсы соғысқан 5 құрама гвардияшыл деген құрметті атақ алды. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін 500-дей қазақстандықтар Кеңес Одағының батыры атағын алды. Олардың ішінде қазақ халқының даңқты қыздары М.Мәншүк, М.Әлия және екі реткі батыр болған 4 қазақстандық /Т. Бигильдинов, Луганский, Беда, Павлов/ және атақты командир Б.Момышұлы болды. 97 мың қазақстандық ордендермен, медалдармен марапатталды.

Қазақстандықтар Москва үшін шайқаста Қызыл Армия Москва түбінде гитлерлік басқыншыларды алғаш рет жеңді. Бұл жеңісте қазақстандықтардың үлесі де көп болды. Қазақстандықгенерал-майор И.В. Панфилов пен комиссар А.С. Егоров басқарған 31 атқыштар дивизиясының аты аңызға айналды. Бұл дивизия 1941 жылы 26 қазаннан 18 қарашаға дейін ерлікпен жауға қарсы шайқасты. 1941 жылы 18 қарашада И.В. Панфилов ерлікпен қазатапты. Бұл дивизияның политругі В.Г. Ключковтың: «Россия - кең-байтақ, бірақ шегінерге жол жоқ, артымызда - Москва», - деген сезі бүкіл майданғатарарды. Кейіннен «28 панфиловшы» ерлігі аңызға айналды. Панфиловшы, ротаның саяси жетекшісі, қазақстандық КСРО батыры П.Б. Вихрев те ерлікпен қаза тапты.

Бауыржан Момышұлы басқарған батальон жаумен болған шайқаста ерліктіңтамаша үлгісін көрсетті. Москва облысының Бородино селосының түбінде неміс штабына басып кіріп, немістердің көзін жойған Т. Тоқтаровқа Кеңестер Одағының батыры атағы берілді.

М. Ғабдуллин басқарған автоматшылар тобы да ерекше ерлік көрсетіп, жау танкілерінің бірнешеуін жойды. М. Ғабдуллинге Кеңестер Одағы батыры атағы берілді.

Бородино селосының түбінде Амангелді Имановтың ұлы Рамазан Амангелдиев 13 фашистің көзін жойды.

Фашистердің Москва түбінде жеңілуі, яғни «Блицкриг» жоспарының күйреуі жеңістің бастамасы, Ұлы Отан соғысындағы түбегейлі бетбұрыс болды.

Ленинград қаласын қорғауға Қазақ КСР-де құрылған 310-атқыштар дивизиясы мен 314-дивизия алғашқы кезеңнен қатысты. Ленинград үшін шайқаста қазақ жауынгері Сұлтан Баймағанбетов кеудесін оққа төсеп, Александр Матросовтың ерлігін қайталады. Ол Кеңестер Одағының батыры атанды.

Балтық флотында көптеген қазақстандықтар жауға қарсы ерлікпен шайқасты. Мысалы, «Киров» крейсерінде 156 қазақстандық болған. Қазақстаннан барған әскерлердің 30%-дан астамы Ленинград түбіндегі шайқасқа қатысты. Рота командирі Қойбағаров өз бөлімшесімен неміс окоптарына басып кіріп, өшпес ерлік жасаған. Одан басқа Ленинград түбінде Дүйсенбай Шыныбеков, С. Жылқышев, Г.П. Зубков т.б. қазақстандықтар ерекше ерлік көрсетті.

1941 жылы қыркүйекте қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың ленинградтықтарға арнап жазған «Ленинградтық өренім» жыры фашистердің қоршауындағы қаһарман қала халқына, оны қорғаушыларға үлкен рухани дем берді.

Қазақстан - Сталинград майданының ең жақын тылы. 1942 жылы Сталинград түбінде қиян-кескі шайқас басталды. Қазақстанның батысы Сталинград облысымен 500 шақырым шектесіп жатқандықтан, соғыстың оты Батыс Қазақстан өңірін қамтыды. 1942 жылы күзде Каспий аумағында соғыс жағдайы енгізілді.

1942 жылы 1 қыркүйекте Гурьевте қорғаныс комитеті құрылды. Гурьев жерінде жау ұшағы пайда болғаннан кейін, 1942 жылы 10 қыркүйекте Гурьев облысының барлық жерінде қатайтылған арнайы қорғаныс жүйелері ұйымдастырылды. 1942 жылы 15 қыркүйекте Гурьев облысында соғыс жағдайы мен қатерлі жағдай енгізілді.

Кешікпей қазан айында Орал әуе шабуылынан қорғанатын майдан өңіріне айналды. 1942 жылы 9 қазанда Қазақ КСР үкіметі Сталинград майданының ең жақын тылы Қазақстан екенін, сондықтан бұдан артық шегінетін жер жоқ екенін айтып, Сталинградты қорғаушы жерлеріне үндеу тастады.

Батыс Қазақстан жерінде 6 қорғаныс шебі, Сайхан, Орда, Чапаев, Тайпақ аудандарында арнайы аэродромдар салынды. Ақтөбе облысында да қорғаныс құрылыстары салынды.

Сталинград майданының көптеген әскери белімдері, материалдық, техникалық базалары Батыс Қазақстанда орналастырылды. Орал қаласында әскери байланыс торабы орналасты. Батыс Қазақстан жерінде 20-ға жуық әскери госпиталь жұмыс істеді. Гитлерлік ұшақтар Сайхан, Жәнібек, Шұңғай станцияларына шабуыл жасап, 7 млн сом шығын келтірді.

Сталинград майданын барлық жағынан Қазақстан қамтамасыз еткен. Осында көптеген әскери техника жөндеуден етті. Мысалы, бір ғана Ақтөбеде ай сайын 30 ұшақ құрастырылды. Каспий бассейнінде орналасқан

Гурьев майданы Орта Азиямен, Кавказбен байланыстыратын негізгі көпірге айналды. Қазақстан жерінде құрылған 292, 387-атқыштар дивизиясы, 81-атты әскер дивизиясы т.б. Сталинградты қорғауға қатысты. Сталинград түбінде көптеген қазақстандықтар ерліктің небір тамаша үлгісін көрсетті.

Жамбылдың ұлы Алғадай Сталинград түбінде ерлікпен қаза тапты. Г. Сафиуллин, М.А. Баскаков сияқты азаматтардың басқарған әскери белімдері жауды талқан-дау барысында көп үлес қосты. Кеңестер Одағының батыры, қарағандылық ұшқыш Нүркен Әбдіров өз ұшағын жаудың әскери базасына құлатып, Гастеллоның ерлігін қайталады.

Сталинград түбінде қазақстандықтар Қ. Сыпатаев пен А.А. Бельгин ездерінің ерлігі нәтижесінде Кеңестер Одағының батыры атағына ие болды. Қазақстандық Т.С. Позолотин басқарған 17-гвардиялық танк полкі Еділ жағасындағы ірі операцияларда шешуші рөл атқарды. Сталинград шайқасы соғыс тарихында ерекше орын алды. Гитлерлік басқыншылардың Сталинград түбіндегі жеңілуі олардың соғыстағы тағдырының шешілу уақытын жақындата түсті.

Еліміздің батысындағы Украина, Белоруссия, Молдавия, Балтық жағалауындағы елдерді азат етудің маңызы зор болды. Бұған қазақстандықтар да өз үлестерін қосты. Украина жерінде ерлікпен қаза тапқан Әбу Досмұхаметовке Кеңестер Одағының батыры атағы берілді. Украинада Днепр маңындағы соғыста Г. Айтықов пен Қ. Аухадиев те Кеңестер Одағының батыры атағына ие болды. Ал сол Днепрдегі соғыста Жәнібек Елеусізов өз ерлігімен көзге түсті. 18 жастағы қазақстандық Кеңестер Одағының батыры болды.

Қызыл Армия құрамындағы қазақстандықтар Польша мен Венгрияны, Болгария мен Чехословакияны, Австрияны фашистерден азат етуде өз үлестерін қосты. А.С. Егоров, З.У. Құсайынов Еуропадағы қарсыласу қозғалысына қатысып, Кеңестер Одағының батырлары атанды.

Түркістандықтардың ұлы жеңіске қосқан үлесі: Отандық тарих ғылымында Ұлы Отан соғысының тарихы мен республиканың жеңіске қосқан үлесіне қатысты мәселелер басым бағыттарының бірі болып табылады. Кеңес заманында Қазақстанның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихын зерттеуге арналған еңбектер идеологиялық тұрғыдан

жазылып, оқиғаларды сипаттауда жеке басына табынушылық белең орын алып отырды. Сол себептердің салдарынан соғыс тарихы біржақты қарастырылды. Қазақстандықтардың ірі соғыс қимылдарына қатысуы, майдандағы ерліктері көп жағдайда әділетті бағаланбай келді. Сонымен қатар, қазақстандық әскери құрамалардың тарихы кәсіби тұрғыдан, яғни әскери тарих тұрғысынан зерттеуді қажет етеді. Мұндай ақтаңдақ тұстары әлі де толық зерттеуді қажет ететіні тарих ғылымының еншісінде. Түркістан қаласының соғыс кезіндегі тарихын зерттеуде көптеген қиыншылықтар осы мәселелерге кездеседі. Қала тұрғындарының алапат соғысына қатысуы туралы да кешенді деректердің жоқтың қасы.

1941 жылдың 22 маусымында КСРО Ұлы Отан соғысы басталды. Алып елдің басқа да халықтарымен бірге оңтүстікқазақстандықтар да соғыс ауыртпалығын бастарынан кешірді.

Соғыстың бірінші аптасында-ақ Түркістан қаласына 62 адам әскери комиссариатқа қатысуға өтінішін түсірді. Олардың 16-сы әйел. Бұлардың ішінде Хасан көлі ұрысына қатысқан Ефремов, колхозшы Оразбаев, офицер Файзуллаев, Таукен техникумының III курс студенті Маслов және Ильиндер бар.

Ұлы Отан соғысына Түркістан әскери комиссариатынан 18547 адам майданға аттанып, 15960 туған жерге оралған. 1941-1945 жылдары Түркістан әскери комиссариатынан әскер қатарына шақырылған азаматтардың, майданда қаза болған жауынгерлердің аты-жөндері Түркістан қаласы ардагерлер Кеңесінің басшылығымен Ұлы Жеңістің 65 жылдығына арналған «Түркістан» газеті редакциясы негізінде «Ерлік даңқы өшпейді» атты кітапта жарияланған (2010 ж.).

Отанымызға адал қызмет етіп, қазіргі таңда жас ұрпаққа дамыған елде өмір сүруге және бүгінгідей мемлекет құруға соғыс ардагерлердің әрқайсысының қосқан үлестері мол. Сондай-ақ, бүгінгі күні де жас ұрпақ бойында Отанға деген патриоттық сезім мен туған жерді адал қорғаудың үлгісі болып келеді. Соның ішінде Құрбанбай Рысбеков, Абдулла Үсенов, Расул Есетов, Файзулла Юлдашев түркістандық төрт азамат Кеңес одағының Батыры жоғары атағына лайық деп танылды.

1943 жылы күзде біздің әскер Днепр үшін ұрыста ерліктері үшін Кеңес Одағының батыры атаққа облыстан 13 адам ие болса, екеуі түркістандық: Рысбеков Құрбантай, Юлдашев Файзулла.

Партизан қозғалысы да кең өріс алды. Қазақстандық партизандар: Қ. Қайсенов (жазушы), Ж. Ағаділова, П. Семенова, Ә. Шәріпов, У. Оразбаев, Т. Жұмабаев, В. Шаруди, Ж. Саин (жазушы), Н.В. Зебницкий т.б. Жалпы, 3500-ден аса қазақстандық партизан жау тылында соғысты. Қазақстандық партизан Ж. Сұраншиев Белорусь жерінде «Ұшқын» партизан отрядының құрамында болды.

1945 жылы Қызыл Армия фашистердің «Висла», «Оңтүстік», «Орталық», «Солтүстік» әскери округтерін жеңді. Германияның көптеген жерін 1945 жылы сәуір айына дейін КСРО қарулы күштері басып алды. 1945 жылы 16 сәуірде Қызыл Армия шешуші «Берлин» операциясын бастады. Бұл операцияға 3 млн 500000 жауынгер, 10800 әскери ұшақ, 52000-нан астам зеңбірек, 7750 танк қатыстырылды.

1945 жылы 2 мамырда Қызыл Армия Берлинді толық басып алды. 1945 жылы 8 мамырда Германияның жоғарғы командованиясі жеңілгенін мойындап, актіге қол қойды.

Тылдағылардың майданға көмегі, майдангерлердің жағдайын жақсартып қоймай, сонымен қатар олардың әскери жігерін көтерді. Соғыстың алғашқы күнінен бастап Қазақстан майданның бір арсеналы болды. Мұнда қарағанды көміршілері жігерлі жұмыс атқарды. Республика өзімен бірге басқарушы ролын сақтап қалды. өндірісте мыс 38 процент, қорғасын 85 процент 1941-45 жж. Барлығы 460 завод, фабрика, шахта салынды. Ауыл шаруашылығында жұмысшылардың еңбек жағдайлары тез өзгерді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға өз еркінше көмек беру кең көлемде жүргізілді. Майдан қорына 1943 жылы қазан айында 185,5 млн. сом және 193,6 млн сом шамасындағы облигацияға жетті. Ақтөбе облысы Нурманов совхозында Ш.Берсиев 1 га 202 ц астық алса, қызылорда облысы Шиелі ауданы Авангард совхозында Б.Жақаев 1 га

172 ц. күріш алды. Қаскелең ауданы 3 интернационал совхозында Мұхамедиева 1 га 600 ц. қант қызылшасын алды. Мал шаруашылығындағы шопандар да еңбегін аяған жоқ. Ж.Мұхашев Жезқазған облысы Амангельді совхозының шопаны 100 қойға 180 қозы асырады. Гурьев облысы Жаңаталап колхозында Шугампова 1 мың жылқыны шығынсыз алып шықты. Қазақтаннан қару жарақ үшін 480 мың сом келді. Соғыстың алғашқы қысында көмектің негізгісі жылы киімдер болды. Республикадағы ұлттардың 2,5 млн. жылы заттар, сонымен бірге 11,5 мың жылы тон және 312 мың пар шұлық келді.

Ұлы Отан соғысы жайлы жазылған еңбектер түсірілген фильмдер де жеткілікті бірақ әлі де болса жазылатыны да көп. Екінші дүние жүзілік соғыстағы Кеңес халқының жеңісі бүкіл әлемдік тарихта маңызы бар.

Еліміздің аса ірі ғылыми күштері соғыс жылдары біздің республикамызда топтастырылды. Бурабай шатқалындағы курортты орындарда академиктер В.М. Алексеев, А.Н. Бах, Л.С. Берг, С.Н. Бернштейн, В.И. Вернадский, Н.Ф. Гамалей, Н.Д. Зелинский, Л.И. Мендельштам, А.С. Орлов, т.б. көптеген ғалымдар ғылыми жұмыстармен айналысты. Республика астанасында 20-дан астам ғылыми-зерттеу институттары: КСРО ҒА-ның философия, география, физиология институттары, УКСР ҒА-ның физика-математика институты, КСРО-ның Архитектура академиясы орналастырылды. Ғалымдардың үлкен тобы көшіріп әкелінген жоғары оқу орындарында еңбек етті. КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімінде астрономиялық обсерватория, тіл, әдебиет және тарих, химия-металлургия, топырақтану және ботаника, зоология және өлкелік патология институттары ұйымдастырылды.

Мәскеулік ғалымдар А.М. Панкратова мен М.П. Вяткиннің және басқалардың қатысуымен 1949 жылы «История Казахской ССР» атты өзекті еңбектің 1-томы жарияланды. Кітапты жазуға қазақ ғалымдары – И. Омаров, М. Әбдіхалықов, Е. Бекмахановтар қатысты.

Білікті кадрларды дайындау ісінде көшіріліп әкелінген жоғары және оқу орындары айтарлықтай жұмыстар атқарды. Олардың арасында Мәскеу авиация институты, Мәскеу түсті металдар мен алтын институты, біріккен Украин мемлекеттік университеті (Киев және Харьков университеттері), сондай-ақ соғыс жылдары ұйымдастырылған Алматы мемлекеттік педагогикалық шет тілдер институты, Шымкент технологиялар институты, Қазақ мемлекеттік консерваториясы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты, Физкультура институты бар.

Әдебиет пен өнер майданға шыққан халықтың идеялық қуатты қаруына айналды. Қазақстанның 90-ға тарта ақын-жазушысы қан майданда шайқасты. Республика жазушылар Одағы көшіп келген жазушылармен толықты (А. Толстой, С.В. Михалков, Ф. Панферов, О. Форш, С. Маршак, К. Паустовский, М. Зощенко). Халық ақындарының айтысы қайта жаңғырды. «РОСТА-ның терезесі» Үгіт плакаттарын шығаруға С.Я. Маршак, Михалков белсене араласты. Қазақ әдебиеті С. Мәуленов, Ж. Молдағалиев, Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин сияқты майдангер-жазушылармен толықты. Майдангер офицер Б. Бұлқышевтің публицистикалық жалынды мақалалары (қазақ, орыс тілдерінде) жау шебіне жасындай атылды.

Калинин, Солтүстік-Батыс, Сталинград, Оңтүстік-Батыс, Беларусь майдандарының, айрықша Қиыр Шығыс әскери округі мен Тынық мұхит флотының әскери бөлімдерін Қазақстан өнер қызметкерлерінен ұйымдастырылған II концерттік бригада қамқорлыққа алды. 1942-1944 жылдары аралығында республикаға 22 майдан делегациясы келді. Осының барлығы майдан мен тылдың ынтымағын нығайтып, кеңес адамдарының жеңіске деген сенімін арттыра түсті. Әр түрлі ұлттың жауынгерлері Жамбылға майданнан хат жазып, өздерінің қуаныш-қайғысын, үміт-үрейлерін бөлісті. Оның өлеңдері күтпеген жерден дұшпан ордасына ойрандап кірген ержүрек шолғыншы сияқты оқырман жүрегін баурап қана қойған жоқ, сонымен қатар бүкіл жер шары ақын шығармалары арқылы қазақ деген халықпен танысты. Өлең сөзді бәрінен де жоғары қоятын ғажайып елі бар екенін білді.

Адамзат Фашистік милитаристік диктатураның дүние жүзіне үстемдік жүргізу қаупінен сақталып қалды. Ұлы Отан соғысы 1418 күн мен түнге созылды. Әр тәулікте бұл соғыс орта есеппен 14 мың 104 кеңес адамының өмірін қиып отырды. Әр сағатта 588, әр минутта 10, әрбір секунд сайын 1 адам жер жастанып отырды.

Сталин Ұлы Отан соғысының шығынын 7 млн шамасында деп көрсеткен болатын, Хрущев 20 млн-н астам деп түзеді. Ал М.С. Горбачев 27 млн деп көрсетті. Шамамен олардың 410 мыңы қазақстандықтар ал 350 мыңдайы қазақтар болатын.

Оқытудың техникалық құралдар слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық
Лекцияның оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі

Күрделі деңгей:

1. Меншіктен айыруға және күштеп ұжымдастыруға қарсы халық наразылығы мен көтерілістер – ұлт-азаттық қозғалыстар жалғасы екендігін дәлелдеңіз
2. Кеңес өкіметінің білім және ғылым саласының реформаларындағы қайшылықтарды көрсетіңіз

Орта деңгей:

1. Қазақстанды индустрияландыру идеясының отаршылдық мазмұнын көрсетіңіз
2. Кеңес Одағының батыры атанған қазақстандықтар мен қатардағы жауынгерлердің ерліктерін талдаңыз
3. Соғыс кезінде жеңісті жақындату жолындағы тыл еңбеккерлерінің еңбектегі ерен ерлігін сипаттап жазыңыз

Жеңіл деңгей:

1. Екінші дүниежүзілік соғыстың ащы қорытындылары мен тағылымды сабақтарын баяндаңыз

БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері:

1. 20-30 жылдардағы Кеңестік жүйенің реформаларының қасіретті салдарларына байланысты тарихи зерттеулер.
2. 1937-1938 жж. Қазақстандағы жаппай репрессиялау шаралары және оның салдары: ұлттық интеллигенцияның қиын тағдыры құжаттарда.
3. Фашистердің «Түркістан» легионын құру әрекеті. М.Шоқай және басқалар туралы бұрмаланған аңыз бен шынайы шындық.
4. Саяси сенімсіздік пен жекеленген халықтарды Қазақстанға еріксіз қоныс аудару

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: оқулық / жалпы ред. басқ: Т. Омарбеков, Т. Омарбеков, Г.С. Султанғалиева, Б.С. Сайлан және т.б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. - 476 с.
2. Бегалиева А.К. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 2017. - 380 б.
3. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: Дәрістер курсы. Алматы, 2018. Б.Б.Кәрібаев. - 324 б.
4. Аяған Б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы (1991-2014): / Б. Аяған. - Алматы : Атамұра, 2014. - 336 б.
5. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 1-кітап. Қазақстан аумағы б.з.б. мыңжылдықтан бастап XIII ғ. басына дейін. – Алматы, Қазақ университеті, 2016
6. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 2-кітап. XIII-XVIII ғ.ғ.– Алматы, Қазақ университеті, 2016

- 7.Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық / ҚР Білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ құраст: Т.О.Омарбеков, Қ.С.Қаражан, М. Ж. Ташенев және т. б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2016. 3-кітап: Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. – 453 б.
- 8.Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. – 4 кітаптан тұратын оқулық. Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. 4 кітап/ Т.Омарбеков, Б.С.Сайлан, А.Ш.Алтаев және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016
9. Долгополов А. История Казахстана. Учебное пособие. Москва: Литерра, 2016. -344 с.
10. Хабижанова Г. Древняя история Казахстана. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -158 с.
- 11.Жолдасбаев С. Древняя и средневековая история казахского народа. Учебное пособие. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -530 с.
12. Қуандық Е. XIV- XX ғасыр аралығындағы Қазақ елінің тарихы бойынша лекциялар курсы. Алматы: Дәуір. 2015. -600 б.
13. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие /Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. – Астана: Zhasyl Orda, 2015. – 328 стр.
14. Сандыбаева А. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Оқу құрал. Түркістан, Тұран, 2018. -128 б.

Қосымша:

- 1.Қазақстан Республикасының тарихы: хрестоматия. Құраст. Қ.С.Қаражан, Ф.А. Қозыбақова, С.Смағұлов. т.б. Алматы: Қазақ университеті. 2018. -413б.
2. Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2018. -562 с.
- 3.Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2021. -584 с.
- 4.Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. Практикум. Т.Омарбеков, Б.Кәрібаев, Қ. Қаражан.және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016. -334 б.
5. Культурные процессы в Казахстане в 20-30 е годы XX века. –Алматы, Қазақ университеті, 2019. -188 с.
6. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.
7. Шваб К. Төртінші индустриялық революция [монография] / К. Шваб; ауд.: Н. Б. Ақыш, Л. Ә. Бимендиева, К. І. Матыжанов, 2018. - 198 б.
8. История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012). Сост. Алимгазинов К.Ш., ЖылгелдиновМ.Т.Астана, 2017
- 9.Абырой мен парыз (Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы): монография / Б. Ғ. Аяған; ҚР білім және ғылым м-гі, Мем. тарихы ин-ты. - Алматы: Литера-М, 2015. – 591 б.
- 10.Мұхатова О. Қазақстан тарихының тарихнамасы: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 246 б.
11. Сайлан, Б. С. Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар [Текст] : оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2016. - 120 б.
12. Мекебаев, Т. Қ. Құмғанбаев Ж. Ж. 1917 жылғы Ресейдегі ақпан төңкерісі және оның Қазақстанға әсері: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2017. - 140 б
13. Макашева К.Н., Губайдуллина М.Ш. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Алматы: Қазақ университеті, 2018. -446 б.
14. Жораева Г. Алаш қозғалысының тарихы. Оқу құралы. Түркістан, ХҚТУ, 2018. -130 б.

WEB сайттар тізімі

1. e-history.kz
2. tarikh.kz

